

6 Наурыз
Сәрсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ТӨРАҒА БАСТАҒАН ТОП ОЙЫЛДЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ӨТКЕН АПТА АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ГҮЛҚАСИМА СҮЙІНТАЕВА МЕН БІРҚАТАР ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КЕЛДІ. ТӨРАҒА БАСТАҒАН ТОП ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ 7 АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ МЕН ОЛАРҒА ҚАРАСТЫ КӨСЕМБАЙ, ШИҚҰДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕН-ДЕРІНДЕ БОЛЫП, ОНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ. САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗІП, МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАП, ОЛАРДЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН ТЫҢДАДЫ.



Сонымен қатар Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау, Қаракемер ауылдарының жолын, Көптоғай ауылдық округіне қарасты Амангелді елді-мекені мен Ш.Берсиев ауылдық округіне қарасты Қаратал елді-мекені бағытындағы бөгеттердің жай-күйін қарады. Аудан орталығында Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған “Мамандығым - мақтанышым” атты байқауының куәсі болып, арнайы құттықтап, “AMANAT” партиясы Ойыл аудандық филиалында партия мүшелерімен кездесу өткізді. Сон-

дай-ақ, ауданның дамуына үлес қосқан, әр салада абыройлы қызмет атқарған еңбек ардагерлерін Алғыс айту күнімен құттықтап барды. Төраға бастаған топ сайлаушылардан түскен проблемалық мәселелерді атқарушы билікпен бірлесе отырып шешу жолдарын қарастыратындығын жеткізді. Қысқаша тоқтала өтсек, Кемер ауылы бойынша ауыл ақсақалдары тарапынан ауылға газ кіргізу және бөгеттерді қалпына келтіру мәселелері айтылды. Шикұдық елді-мекенінің тұрғындары ауыл мен екі ортадағы жол, орталықтанды-

рылған ауыз су, мектеп салу мәселелерін көтерді. Ақжар ауылы Бағдат Әбиев ауылдың мұң-мұқтажы газ мәселесі екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар мектепті күрделі жөндеуден өткізу керектігін айтты. Қаратал ауылы бойынша ауылдың белді кәсіпкері, аудандық мәслихат депутаты Назгүл Ешпанованың кәсіпкерлік нысандарында болып, жұмысына сәттілік тіледі. Ауыл тұрғындары халық игілігі үшін облыстық мәслихат депутаты, меценат Талғат Маратұлы Салфиковтың де-меушілігімен салынған бөгетке ризашылықтарын жеткізді.

Қарай ауылы бойынша ауыл тұрғындары атынан Ойыл мен екі ортадағы жол мәселесі көтерілді. Сарбие ауылы бойынша да ауыл тұрғындары Ойыл мен екі ортадағы жол және орталықтандырылған ауыз су құбырына күрделі жөндеу мәселелерін көтерді. Көптоғай ауылы бойынша аудандық мәслихат депутаты Тілекбай Әміров Ойыл мен Көптоғай, елді-мекендер арасындағы жол мәселелерін көтерді. Іс-сапар барысында ауыл ақсақалдары, ауданның дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлері Жақсылық Бисалиевтің, Өтеген Сағатовтың отбасыларын Алғыс айту күнімен құттықтап барды. Ойыл ауданының психологиялық-педагогикалық түзетім кабинетінің жұмысымен танысып, балаларға арналған массаж керуетін сыйға тартты. Сапарының соңында аудан орталығында Қазақстан Республикасының мәслихаттарының 30 жылдығына орай “Мамандығым - мақтанышым” атты байқау мен жастардың жеткен жетістіктерінен арнайы ұйымдастырылған көрмемен танысты. “Аманат” партиясы Ойыл аудандық филиалында партияның сайлауалды бағдарламасының орындалуы жөнінде фракция отырысына қатысып, қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдауда болғандар Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жөндеуді қажет ететіндігі, Екпетал ауылына мектеп салу, жастардың маусымдық «Жасыл ел» бағдарламасына қатысушылардың санын көбейту мәселелерін көтерді.

АУДАН ӘКІМІНІҢ 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты аналар, аяулы асыл жандар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыз қыз баласын айрықша ардақтап, оларды инабаттылыққа және иманжүзділікке тәрбиелеп, әйел затына аса қамқорлықпен қараудың халықтық қағидаларын қалыптастырған. Қоршаған ортаның, табиғаттың тіршілігі көктемнен бастау алса, адамзат өмірінің бастауын ардақты анадан алады. Сол себепті азаматтар аналарды ардақтап, нәзік жандыларды құрметтеп, әрдайым қадірін биікте ұстауға міндеттіміз деп білемін. Қай заманда болмасын, адамзаттың ең асыл армандары мен нәзік сезімдері әйел затымен байланысты болған. Бұл, ең алдымен, ана жылуына құрмет көрсетер отбасылық мереке. Бүгінде қоғамның барлық салаларында қажырлы еңбек етіп, мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің асқаралы шыңына көтерілген, елдің дамуы мен өркендеу жолында жігері мен қайратын аямаған нәзік жанды замандастарымыз аз емес. Бала тәрбиелеуде ғана емес, білім мен саясатты, экономикалық және әлеуметтік ахуалдарды жақсартуда ер азаматтармен иық тірестіре еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер бүкіл халқымыздың мақтанышы. Қай салада болмасын әйел затының аялы алақаны сезіледі. Ондай қыз-келіншектер біздің ауданымызда да қажырлы еңбек етіп келеді. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі нығайып, көркеюіне асыл аналарымыз, ардақты апаларымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Қуанышы мен шаттығы мол мерекеге орай өмірімізге мән, тіршілігімізге сән сыйлайтын 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, шаттық пен бақ-береке тілеймін!

Игі тілекпен аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ ИЕЛЕРІН НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ЖУЫРДА АУДАНҒА “ҚАЗАҚСТАН ФЕРМЕРЛЕРІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ” АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ БЕРІК САРИЕВ БАСТАҒАН АРНАЙЫ ТОП КЕЛДІ.



Жұмыс тобының құрамында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, ветеринария басқармасы, кәсіпкерлік, ветеринариялық

бақылау және қадағалау инспекциясы басшылары, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ директорлары болды.

“Шұғыла” мәдениет және демалыс орталығында округ әкімдері, Ойыл селосындағы шаруа қожалық басшыларымен кездесті. Кездесу жиынын тізгіндеген аудан әкімі Асқар Қазыбаев келген арнайы топ өкілдерімен таныстырды. Жиын барысында топ мүшелері ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, ветеринария, сонымен бірге шағын және орта бизнесті несиелендіру мәселелері бойынша баяндама жасап, тұрғындар сұрақтарына жауап берді. Өз кезегінде шаруа қожалық басшылары ауданда болып жатқан жағдаймен ашық бөлісіп, субсидия алу кезінде бірқатар қиыншылықтар бар екенін хабарлап, ветеринариялық-санитарлық бақылауды қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы сөз қозғады. Жиын соңында өкілдер жеке қабылдау өткізді.

Г.БАЙҚЫЗЫ

ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ – АНА!

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ – ӨЗ ЗАМАНЫНА САЙ БІЛІМДІ, БІЛІКТІ, ІСКЕР. ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ ҚОҒАМНЫҢ САЛМАҒЫН АЙРЫҚША СЕЗІНІП, ОТБАСЫНДА БАЛА ТӨРБИЕЛЕУМЕН ҚАТАР БІР-БІР КӘСІПТІҢ КІЛТІН ТАУЫП, ҰРШЫҚША ҮЙІРІП ОТЫРҒАН ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР- ЕЛ МЕРЕЙІ ДЕП АТАУЫМЫЗҒА ТОЛЫҚ ОРЫН БАР.



Осы орайда мереке қарсаңында аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен жеке кәсіпкерлік атты үлкен толқында жүрген іскер қыз-келіншектер

«Береке» мейрамханасында бас қосты. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев мерекелік шараның алғы сөзін бастап, кеш қонақтарын гүл көктемнің алғашқы мере-

кесімен құттықтап, әйелдер қауымының елеулі істері мен қайталанбас қайсарлықтарына тоқталып, барша іскер әйелдердің кәсіптеріне береке тіледі. Ауданның кәсіпкерлік саласының дамуына үлес қосып, елеулі еңбегімен көзге түскен бірқатар қыз-келіншектерді марапаттау рәсіміне ұласып, марапат иелеріне алғыс хаты мен сый-сыяпатын табыс етті. Ал, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мүбәреков кәсіп ашып, халыққа кәсіптің түрлі тетігі бойынша қызмет көрсетіп отырған нәзік жандыларға алғысын білдірді. Әрі қарай шара мерекелік дастархан басында жалғасын тапты. Онда қыз-келіншектер ақжарма тілектерін арнап, емен-жарқын әңгімелесті. Шуақты сәтті аудан өнерпаздары ән-жырмен көмкеріп, аналардың көңіл-күйін көтерді.

САЙЛАУ-2024

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНІНДЕГІ БІРМАНДАТТЫ ОҚРУТТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының 6-1-тармағына сәйкес Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізу жөніндегі бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша төмендегі кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлаймыз.

№ 8 сайлау округі бойынша

1. Керей Раушан Мусабековна, 1981 жылы дүниеге келген, «Әсем» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынған.

2. Саматұлы Сайран, 1993 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық ветеринарлық стансасының ветеринарлық санитары, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, «АМАНАТ» партиясы ұсынған.

3. Сұлтанов Асылбай Айсұлы, 1991 жылы дүниеге келген, «Жиенбет-Назерке» АШӨК басшысы, Ойыл ауданы, Қаракөл ауылы, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы ұсынған.

№ 11 сайлау округі бойынша

1. Абитова Гүлмира Айнағұлқызы, 1992 жылы дүниеге келген, Ақжар ауылдық кітапханасының бағдарламашысы, Ойыл ауданы, Ақжар ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынған.

2. Дарибаев Урумбасар Аскарович, 1989 жылы дүниеге келген, Көсембай негізгі мектебінің информатика пәнінің мұғалімі, Ойыл ауданы, Көсембай ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынған.

3. Оралов Айболат Жаумитович, 1973 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық ветеринарлық стансасының ветеринарлық санитары, Ойыл ауданы, Ақжар ауылы, «Ауыл» ХДПП –ы ұсынған.

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөнініндегі бірмандатты округтік сайлау комиссиялары

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ ЗАҢНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ДА ОРЫНДАЛУЫ ТИІС!



Осы аптада аудан әкімінің орынбасары Нұржау Тұрғамбеков пен аудан прокуроры Ақеділ Үсенов кәсіпкерлермен кездесті. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының Ойыл аудандық филиалының бастамасымен өткен кездесу жиынға аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің, аудандық мемлекеттік кірістер мен аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшылары мен мамандары және аудандық полиция бөлімінің өкілдері қатысты. Жиын барысында аудан прокуроры Ақеділ Қайсарұлы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, мемлекеттік құзырлы органдар тарапынан кәсіпкерлікке келтірілетін кедергілердің алдын алу мәселелері жөнінде түсіндірме берді. «Мобильді аударымдар мен бөлшек салықтың арнаулы рәжімдері» бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы Лаура Айдынгалиқызы, «Кәсіпкерлік нысандарға қойылатын сани-

тариялық талаптар туралы» аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаевтар баяндаса, жергілікті полиция бөлімінің бастығы Махамбет Бақдәулетов әсіресе шаруа басшыларына малды бағу мәселесі туралы талаптарды түсіндірді. Ал, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбараков шаруа қожалықтарына мемлекеттік бағдарламалар арқылы төленетін субсидиялардың тәртібі мен «Ауыл аманаты» жобасы бойынша несие-лендіру барысына тоқталса, аудандық ветстанция мекемесінің директоры Серік Сармұханов мал басын бірдей-лендіру мен ветеринарлық шаралар туралы баяндады. Кәсіпкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға мемлекеттік органдардың өкілдері жан-жақты жауап берді. Кездесу барысында аудандағы жолаушылар тасымалы сала-сындағы келеңсіздіктер мен заңсыз кәсіпкерлік туралы да мәселе көтерілді.

САДЫҚОВ МҰХТАР ДЫН ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАНЫНДА

ӨМІРДЕН ЕРТЕ ӨТКЕН АЗАМАТ



Ойыл ауданы Сарбие - Сапақкөл ауылының азаматы Садықов Омарғали аға (1914-1943жж.) 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943 жылы Смоленск қаласын қорғауда қаза тапты деген қара қағаз келіпті. Зайыбы Бердешева Нұрболсын (1916-1972жж.) отағасы соғысқа аттанғанда 5 жасар ұлы Мұхтар мен 3 жасар қызы Мағрипаны құшақтап, 25 жасында жесір қалған. Соғыс және одан кейінгі жылдардағы қиыншылық пен жоқшылықты, азап пен бейнетті көрген бүкіл Қазақ елінің әйел-аналары сияқты Нұрболсын апаның да көрген қиыншылықтары да аз болмады. Жасөспірім, аш құрсақ екі перзентін жетелей жүріп, колхоздың қойын күзетті, жалғыз сиырын сабанға жегіп, жер жыртты, егін орды. Ұлы 7-8 жасқа жеткенде қозы бақты, анасына қолқанат болды. Еңбектің, жоқшылықтың ащы дәмін татып еріксіз ерте есейген ұлы Мұхтар мектепте үздік оқыды. Осыған орай, 1953 жылы орта мектепті бітірісімен, мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты Сапақкөл жетіжылдық мектебіне бір жыл мұғалім болды. Жалақысынан ауыстырып азды-көпті ақша жинап, оның үстіне анасының сатқан жалғыз сиырының ақшасын қосып, біршама қаражатпен, бір дорба тары-талқан жол азығымен педагогика институтына оқуға түсу үшін Семейге аттанды. Себебі, Ақтөбе пединституты 1966 жылы құрылды, ал 1937 жылы құрылған Семей институтына бірқатар облыстарды, соның ішінде Ақтөбе облысында қамтуға тиіс болатын. 1958 жылы аталған институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, бір жыл Семей облысының Абай ауданында мұғалімдік қызметін атқарып, Семей педагогикалық институтының химия және биология факультетін бітірген Мұқашева Жамалмен отбасын құрып, елге оралды. Алғыр да, жастық жігері жалындаған жоғары білімді педагог 1959-1963 жылдары Берсиев, Сапақкөл сегізжылдық мектептерінің директоры, 1963-1968 жылдары Қобда және Ойыл аудандық білім бөлімдерінің басшысы болып қызмет атқарады. Содан кейін Алматыда жоғары партия мектебін бітірді. 1972 жылдан өмірінің соңына дейін 11 жыл Ойыл аудандық партия комитетінің ІІ хатшысы

болып қызмет жасады. Өткен тарихты сараласақ, Ойыл ауданы Қобдадан бөлініп қайта ашылған. 1965 жылдан бастап Совет мемлекеті тараған 1990 жылға дейінгі 25 жылда аудандық партия комитетінің ІІ хатшылары болып: Ғабдол Қуатов, Ғанимат Әлиев, Өтеміс Әкімов, Қылышбай Аралбаев, Сағидолла Төлеубаев, Леонид Александрович Бегун және Мұхтар Садықов қызмет атқарды. Мен олардың бәрімен де қызметтес болдым. Солардың алдыңғы алтауы 14 жыл жасаса, Мұхаң үзіліссіз 11 жыл жұмыс жасады. Ал алдындағы алты қызметкерлердің бәрі біріккенде Мұхаң тең қызмет жасады, аудан эканомикасы мен мәдениетінің дамуына айтарлықтай еңбек сіңірді деп айта алмаймын. Ауданды абзал аға Сапар Сағынтаев басқарған 1972-1978 жылдар Ойыл ауданы үшін өте жемісті, жетістікті жылдар болды. Аупарткомның ІІ хатшысы С.Сағынтаев ІІ хатшысы М.Садықов бір үйдің егіз ұлындай, құрдас, өте тату, ынтымақты, бір-біріне жоғары сеніммен қызмет жасады. Екінші хатшы идеология саласын басқаруға тиіс болса да өзіне міндеттелген бұл саламен қоса І басшының сеніп тапсыруымен: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, сауда, жол, транспорт, құрылыс, «сельхозтехника» коммуналдық шаруашылық салаларына да жауапты болды. Өйткені, бұл салаға жауапты болуға тиіс аупарткомның хатшысы олардан жасы үлкен, әйел кісі болғандықтан оған көп міндет жүктелмеді. Өйткені, ол алай ауыл және мал шаруашылығы, құрылыс, транспорт, т.с.с. салалардан бейхабар, мамандығы журналист болатын. Аупарткомның бірінші және екінші хатшылары бейнелеп айтсақ: арбаға парлап жеккен колхоздың пар атан өгізіндей тең тартып, аудан экономикасы мен мәдениетін алға сүйреді. Оның дәлелі: 1972 жылы ауданда басқа малды есепке алмағанда 300 мың бас қой болды. Сол жылы мамыр айында «Октябрь» және «Қайынды» совхоздары (қазіргі Алтықарасу, Теректі, Құмқұдық) 100 мың қойымен Темір ауданына берілді. Орнына «Жекенді» және «Аманкелді» атындағы совхоздар ашылды. Ойылдың 7 совхозында қалған 200 мың бас қой екі жылда қайтадан 300 мың басқа жеткізілді. Жоғарыда жазылғандай 1972-1978 жылдар өте жемісті, нәтижелі, өндірістік өрлеу жылдары болды. Совхоздар шаруашылық жылдарын табыспен аяқтады. Ауыл шаруашылығына қуатты жаңа техникалар келді. «К-700», «ДТ-75М» сияқты алып тракторлар, «Сибиряк», «Нива» комбайндары, «КА-МАЗ», «Колхида», «ЗИЛ-131» автомашиналары, сонымен қатар «ППВ-1,6», «ГУТ-2,5», «ТШН» сияқты шөп тайлағыш,

тайланған шөпті жинап, таситын механизм құралдары, «ДДА-100» жаңбырлатып сауаратын механизм-насосстар келе бастады. «Саралжын» совхозы мал бордақылау бірлестігі болып қайта құрылды. Жылма-жыл 7 мыңға жуық өгіз семіртіліп мемлекетке өткізілді. 1978 жылы облыс бойынша әрбір өгіздің салмағын 478 килограмнан өткізіп, І орын иемденді. Аудан бойынша жылма-жыл 110 мың гектар жерге егіс салынып, мемлекетке бір миллион пұт астық тапсырылды. Жылма-жыл 120 мың тонна мал азығы дайындалды. Білім, мәдениет, деңсаулық салаларында жақсы нәтижелерге қол жетті, жаңа құрылыстар салынды. Демек, бұл нәтижелі жұмыс аудан басшыларының аудан еңбеккерлігімен ортақ тіп табысқан, совхоз басшыларымен, мамандарымен сенімді жұмысының жемісі болды. Оған басты дөңкердің бірі аудан халқын жақсы білетін, жоғары беделге ие болған Мұхаң болды. Оның еңбектері елеусіз қалған жоқ. Жоғары мемлекеттік награда: «Құрмет Белгісі», «Халықтар Достығы» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» атанды. Өкінішке орай, өмірдің ащы-тұщысы да қатар жүретіні белгілі, 1978 жылы Сапар Сағынтаев Октябрь (Қандыағаш) ауданының І хатшылығына ауыстырылды. Орнына облыстық ауылшаруашылығы басқарма басшысының орынбасары-телефонмен мәлімет жинаушы, партиялық жұмыстан хабары жоқ адам І хатшы болып келді. Оған ауданда жоғары беделге ие болған Мұхаңның орысша-қазақша екі тілге бірдей сөзге шешендігі, істің мән-жайын жете білетіндігі ұнамады. Сондықтан оған деген халықтың құрметін кемітуді, беделін түсіруді мақсат етті. Оны апталап совхоздарға командировкаға жіберді, үйіне оралуға да мүмкіндік бермеді. Ол қай ауылда не істеп жүр, кімнің үйінде қонақта болды, кіммен дос дегендей пақыршылық бақылау орнатты. Бірқатар жағдайда ІІ хатшыны жәрдемші шопан сияқты шопандардың үйін көшіру, малын айдасу сияқты жұмыстарға әдейі жіберіп, мұқатқандай болды. Өрине, бұл қиянат кемсіту кез-келген адамның жүйкесін жұқартады. Мұхаң жасына жетпей жүрек қан тамырлары ауруына, қан қысымының жоғарылауына тап болды. Оған емделуге де жауапкершіліктен қашпайын дегендей уақытты да кейін шегере берді. Ақырында осы ауру мен жан күйзелісінен 1982 жылы бар болғаны 46 жасында кенет өмірден өтті. Сол жылдары Мұхаң аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінен «Саралжын» совхозына бекітілген жауапты өкілі болатын. Мұхаң қайтыс болғанда оның жоғары адамгершілігі мен қадір-қасиетін, көріп жүрген қор-

лық-қысымын білетін совхоз басшылығы (директоры Ш. Байдуллин) аудандық партия комитеті жалпы бөлімнің меңгерушісі, ардагер аға Айсәуқашевпен ақылдасып, садақасына бір жылқы апардық. Сол жылқыны совхоз басшылары мен мамандары бірігіп, еңбек ақыларынан ақша жинап, Шикұдық ауылындағы Халел Бауеденов деген азаматтан сатып алғанбыз. Аупорткомның І хатшысының қызғаныш пен пендешілікке барғаны сонша, өмірден өткен қызметкерінің отбасын қамқорлаудың орнына үш күннен кейін прокурордың орынбасарын жіберіп, тергетті. Мәселенің анығына көз жеткен тергеуші ұялғаннан, «Мен І хатшының тапсырысын орындау үшін амалсыз келдім», - деп кешірім сұрады. Пиғылына қарай Алланың ісі дейміз бе, өлде тағдырдың жазуы дейміз бе, әйтеуір адамға жасаған қиянат түбінде өзіне қайтып оралды. Сол І хатшы бірінші әйелінен қайтыс болуына байланысты ерте айырылды. Ірі қалалардың бірінде әуежай президенті болған ұлы қылмыстық жауапкершілікке тартылды деген хабар таратты БАҚ құралдары. Жағымпаз жора-жолдастарынан айырылып, кадрларға деген қиянатын ой елегінен өткізіп, өз ары алдында ұялып, өкінішпен өмірден өткен сияқты. Тарих еш нәрсені де ұмыт қалдырмайды. «Тарих-таразы» деп бекер айтылмаған. Мұхаңның зайыбы Жамал Мұқашева апай – аудан бойынша «СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған (1982 ж.) ойылдық 6 мұғалімнің бірі. 2018 жылы 84 жасында өмірден өтті. Мұхаңның тұңғышы Бейбіт Мұхтарұлы 1960 жылы туған. Ойылда мұғалім, аудандық спорттық бөлімінің басшысы болды. 1985 жылы апаттан қайтыс болды. Екінші ұлы Бекжан Мұхтарұлы 1962 жылы туған. Мал маманы. Ауыр нұсқастан 2001 жылы өмірден өтті. 1965 жылы туған қызы Бибігүл отбасымен Ақтөбеде, 1967 жылы туған қызы Бақтыгүл отбасымен Алматыда, кенже қызы Зәмзагүл отбасымен Ойылда тұрып жатыр. «Орны бар оңалар» дегендей, олар Мұхаң мен Жамалдың жиендерін өсіріп-өндіріп, оқытып, жапырақтарын жоауда. Аяулы Мұхтар Омарғалиұлы Садықовпен қызметтес болған ардагерлер азайды. Қазіргі ұрпақ оның кім екенін, қандай еңбек сіңіргенін біле бермейді. Олар осы естелік арқылы білуге тиіс. Қорыта айтар болсақ, Мұхаң ауданға аз өмірінде көп еңбек сіңірген Ойылдың адал перзенттерінің бірі ретінде аудан халқының жадында сақталып қалды, сақталып қала береді. **Жақсылық БИСАЛИЕВ, Ойыл ауданының құрметті азаматы, Саралжын ауылы, Ойыл ауданы.**

АБЗАЛ АЗАМАТ

белгісімен марапаттауға атсалысты. Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған жылдары совхоздарда мал шаруашылығын өркендетуге, яғни екі совхоз Темір ауданына берілгеннің өзінде, бір бес жылдықта ауданда мал басы бұрынғы қалпына келіп, одан әрі мал басының өсуі, оның өнімдерінің артуына өз үлесін қосты. Үгіт насихат жұмыстары жаңа деңгейге көтерілді. Қуаныш Арынов, Ғалымов Бекіш атында озат малшылар мектебі ұйымдастырылып, оған облыстық партия комитетінің нұсқауымен, басқа аудандардың басшылары шопандар делегациясымен келіп тәжірибие алмасты. Жыл сайын ауданда озат шопан, малшылар слёты өтіп,

екі-үш күн солардың құрметіне концерттер мен түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып отыратын болды. Озат малшыларды марапаттау өткеннен кейін, көп кешікпей әр совхоздан аналықтан төлді аз алған, малдан шығын берген, жүн және жас малдардан қосымша салмақты аз алған малшы, шопандар, совхоз басшылары келіп аудандық партия комитеті бюросында есеп беріп, кемшіліктерді түзету жолдары белгіленетін. Сонымен қатар, совхоздарда типтік жобамен 36 қайшылық қой қырку пункттері, оның қасында түрлі аурулардан сақтайтын қой тоғыту қондырғылары салынып, ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің қол жұмыстарын механикаландыру арқылы еңбек өнімділігі артып, адам күші аз жұмсалатын

болды. 1972 жылдан бастап, шопандарға қызмет көрсету керуені (бригадасы) ұйымдастырылып, оның құрамына: дөрігер, шаштараз, фотограф, киімдерге тапсырыс алатын тігінші, автоклуб, кино қондырғысымен, көркем өнерпаздар тобы, автомонша шопан-малшыларды аралап, бекітілген график бойынша қызмет көрсететін. Жоғарыда көрсетілетін игілікті жұмыстарды ұйымдастыруда басшы болып, он жылдан астам аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған Садықов Мұқтар жүретін. Есте қалдыру мақсатында аудан орталығы Ойыл ауданының бір көшесін Мұқтар Садықовтың атын берсе, өбден лайықты болар еді. Оны Ойыл ауданының халқы да құптайды деп сенемін. **Елубай ҚАЛИЕВ, Ойыл ауданының құрметті азаматы.**

ЕЛГЕ ЕҢБЕГІМЕН ТАНЫЛҒАН АЗАМАТ ЕДІ...

Ғұмыр сүрген адамдардың еңбегін айтып та, жазып та болашақ ұрпаққа жеткізу бүгінгі адамдардың міндеті. Ел мүддесі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ел жадында жаңғыртып, еңбегіне лайықты баға беру – ұрпақ парызы. Ойыл ауданы көлемінде халық, қоғам игілігі үшін қызмет еткен еңбек сүйгіштігімен, адалдығымен үлгі болған барлық саналы өмірін аудан экономикасын, халықтың әл-ауқатын, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға арнаған Мұхтар Садықов ағайды 1971 жылдан білемін.

1971 жылдың 31 қаңтарында Ойыл аудандық комсомол комитетінің Пленумында аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайландым. Алматы жоғары партия мектебін бітіріп келіп аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып жасайтын Мұхтар ағай қызмет бабымен барғанымда маған ақылын айтып, жұмысты жақсы атқаруыма кеңес беріп, жылы лебізін білдірді.

Көп кешікпей-ақ аса білікті ұйымдастырушы, бастаған ісін, шаруасын тиянақтамай тыным таппайтын, ізденіш, іскер приципшілдігімен, әділдігімен танылған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Байсалбай Жолмырзаевтың ұсынысымен облыстық партия комитетінің келісімімен аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына Мұхтар Садықов ағай сайланды. Мұхтар ағай жұмысқа кіріскен кезден бастап аудандық экономика мен әлеуметтік, идеология, салалардың проблемаларын шешу жолдарын ізденіп, ұсыныстарын енгізіп, игілікті істер атқарды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызмет бабындағы ұсыныстарын қолдап отырды.

Аудан негізгі бағыты - мал шаруашылығы болғандықтан бұл кәсіптің қыр-сырын тереңірек үйрететін озат тәжірибе мектептер ұйымдастырылды. Қой шаруашылығынң майталмандары Социалистік Еңбек Ерлері Қуаныш Ержанов, Бекіш Ғалымовтардың бай тәжірибелерін насихаттауға көп көңіл бөлінді. Мал тұқымы асылдандырылып ауданға сүтті қырдың қызыл және алатау сиырлары әкелінді, сүт фермасы ұйымдастырылды. Мал зауыты іске қосылып айран, ақ ірімшік, балмұздақ жасап шығарылды. Мал азығымен қамтамасыз ететін шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту үшін құмақты жерлерге еркек шөптердің дәндері себілді. Астықтан тұрақты өнім алуға бетбұрыс жасалып,ауыспалы егіс енгізілді, аудан мемлекетке 1 млн. пұттан астам астық тапсырып отырды. Жүгері егу, одан сүрлем салу, мал азығының дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылды. Ауданда жылжымалы механикаландырылған құрылыс мекемесі ашылып аудан орталығында кинотеатр, балалар бақшалары, аэровокзал, тұрмыстық комбинат, бірнеше тұрғын үйлер салынды, аудандық Советтер үйінің құрылысы басталды.

Аудан орталығында медициналық және педагогикалық училищелердің финалдары ашылып, денсаулық сақтау және білім беру мекемелері кадрлармен толықтырылды. Ойыл өзенінің жағасынын саябақ жасалып,ағаш көшеттері егілді, жанынан спорт стадионы ашылды.

1972 жылдын 12 сәуір күні Ойыл аудандық партия комитетінің пленумы өтіп, Байсалбай Жолмырзаев Ақтөбе қаласына басқа жұмысқа ауысып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Сапар Сағынтаев сайланды. Мұхтар ағай тәжірибелі басшы Байсалбай Жолмырзаевтан алған өнегесімен жаңадан тағайындалған Сапар Сағынтаев 1978 жылы тамыз айында Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысқанша екеуі

жеке бастарының үлгісімен, тазалығы, турашылдығы, қамқоршылығымен ауданның экономикасы мен әлеуметтік салаларын дамытуда бірге қызмет жасап аудан тарихында қалды. Осы жылы үш үлкен кеңшарлар «Октябрь», «Қайыңды», «Теректі» жаңадан ұйымдастырылған Темір ауданына берілді. Адамдардың, малдардың сандары, территориялық көлемі үштен біріне азайып қалды. Жасалған қамқорлық, бөлінген күрделі қаржы өз нәтижесін берді, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала дамыды. Мал басын аман сақтау, оны өз төлі есебінен өсіру мал тұқымын асылдандыру мақсатында селекциялық жұмыстарды ұйымдастыру, малдарды қолдан ұрықтандыру, етке тапсырылатын малдарды жайып семірту, бордақылау алаңдарын көбейту жұмыстары, көктемгі егіс егу, оны жинау науқандарын агро-техникалық шаралар талаптарына сәйкес жүргізілді.

Ауданда қой түлігін өсіру оң сипат алды. Қой төлдету науқанын аудандық партия комитеті үнемі назарында ұстады. Совхоздарда сақманшы жетісе бермейтін. Аудандық партия комитетінің хатшылары Сапар мен Мұхтар ағайлар сақманшылармен қамтамасыз ету үшін ер отарды аудан орталығындағы мекемелерге өтініш жасап шефке алдыртты, көзектестіріп қой төлдету уақытында сақманшы жіберіп отыратын болды. Аудандық партия комитеті Берсиев атындағы совхоздың №1 фермасындағы аға шопан Сарбала ағайды шефке алды. Сол кезде қой төлдету науқанында аудандық партия комитетінің нұсқаушылары болып жасайтын Бақтығали Бектурғанов екеуміз 15 күн сақманшы болдық.

Жылма-жыл аудан бойынша 140-150 мың қозы алынды. Аудан совхоздарында қой саны 350 мың басқа, мүйізді ірі қара 12 мың басқа, жылқы 5500 мың басқа жетті. Қой өсіру саны жөнінен аудан Шалқар, Байғанин ауданынан киін үшінші орынға шықты. Алматыдан ғылым Академиясынан бір топ ғалымдар келіп Бекіш Ғалымовтың іс-тәжірибесін зерттеді. Жетпісінші жылдары республикада қой шаруашылығын дамытуға шұбартаулықтардың бастамасымен ауданның жас жігіттері мен қыздары комсомолдық жолдамамен өздерінің бастамалары бойынша келісімдерімен қой өсіруші комсомол-жастар бригадасына еңбек етуге жіберілді.

Ауданда «Жас жігер», «Ұшқын», «Арман-74», «Жеңіс-75» тағы басқа 15 қой өсіруші комсомол-жастар бригадалар ұйымдастырылды, оларға 45 мың қой бекітіліп берілді. Оларға арнаулы қалашықтар тұрғызылып, мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалынды. Тұрғын үйлеріне электр желісіне қосылған жылыту пештері орнатылды, газ плиталары берілді, монша салынды. Комсомол-жастар бригадаларының тәлімгерлігіне тәжірбелі мамандар тағайындалды.

Үкімет тарапынан шалғай аудандарға кадр дайындау үшін жеңілдіктер енгізілді. Жеңілдіктер қой өсіру комсомол-жастар бригадаларында еңбек еткен жастарға бірінші кезекте берілді. Ауданда жеңілдіктерді пайдаланып, жолдамамен жоғары оқу орындарына 120 жас жіберіліп, жоғары білім алды. Комсомол-жастар бригадасында комсомолдық жолдамамен жұмыс жасаған Дәурен мен Айжан отау құрып, ұл-қыз өсіріп отырған өнегелі, мерейлі отбасы. Қазір Берсиев атындағы ауылдың «Ұшқатты» елді мекенінде төрт түлік мал өсіріп отырған ауданымыздың алдыңғы қатарлы фермері. Егде адамдар ауданда шұбартаулықтардың бастамасымен қой өсіруші комсомол-жастар бригадасы құрылып, ол кең қолдау тапқанын ұмыта қойған жоқ. Аудан жастарының еңбектерін облыстық, аудандық, тіпті республикалық «Лениншіл-жас» газеті-

не мақалалар жазып отырдым. Ет, жүн өнімдерін молайтқан үшін аудан және оның совхоздары бірнеше рет Одақтық, республикалық және облыстық жарыста озып, жүлделерге ие болды. «Жекенді» кеңшары (директоры Сәрсенғали Балапашев) Бүкілодақтың социалистік жарыстың жеңімпазы атанып КПСС Орталық Комитеті КСРО Министрлер кеңесінің, ВЛКСМ-ның, ВЛКСМ Орталық Комитетінің дипломымен және ВДНХ-ның тегін «РАФ» микроавтотбусымен марапатталды. Ауданда бірінші рет «Ойыл» кеңшары (директоры Елубай Қалиев) арендалық әдіс, өзін-өзі қаржыландыру, шаруашылық есеппен жұмыс жасады. Еңбекақы түпкі нәтижеге байланысты төленді. Жұмысшылар комитетімен келісе отырып еңбекке ақы төлеудің ең озық әдістерін пайдаланып, жұмысшыларды еңбекке материальдық жағынан ынтымақтандыру жоғары жалақы төлеуге қызықтыру шаралары іске асырылды. Өндірістік көрсеткіштердің орындалу дәрежесіне қарай ақы төлеуді бірінші түрге бөлді.

Шопандар жылдың қортындысымен өндірістік өнімдерін, жұмсалатын шығындарын, қолына алатын ақшаларын есептеп, жеке кітапшаларына жазып отырды. Жұмсалған шығын мен алынған өнімді ай сайын өздері есептеп, бақылап отыратын болды. Аз шығын жұмсап, ысырапқа жол бермеген, мал өнім өндірсе, таза пайда көбейсе көп жалақы алатынын түсінді, еңбекке ынтыас арта түсті. Шопандардың үйлеріндегі тұрған жеке кітапшасындағы бет есептері бухгалтериядағы құжаттармен әлсін-әлі салыстырылып отырылды. Шопандар жыл қорытындысында ай сайын алған авансынан басқа қосымшаақы алатын дәрежеге жетті. Арендалық әдіс, шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландыру тиімділігін дәлелдеді.

«Ойыл» кеңшараның арендалық әдіс, шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландырудағы іс тәжірибесін басқа шаруашылықтар да үйренді. Ауданда ауыл шаруашылығы саласындағы қол еңбегін көп қажет ететін жұмыстар жаңа технологиялар енгізіп, техника күшімен атқарылып механикаландыру қарқынды дамып,қол еңбегі жеңілдетілді. Қалдықсыз мол азығын дайындайтын цех кең іске қосылды. Сквашиналар қазылып, малдарды суару механикаландырылды.

ДТ-75 тракторына механикаландырылған күрек орнатылып, мал қоралары тазартылды. Жаңбырлатқыш платформалы қой тоғыту, комплектілі механикаландырылған қой қырук пункттері жұмыс істеді. Суармалы алқап «ДДА-100» жаңбырлатып суаратын насос қондырғымен суарылды. Ойыл өзініңж жағасындағы Кераль суармалы алқабына Исабаев Бітімбай звеносы жүгері еккен кезінде, Мұхтар ағайдың тапсырмасымен «ДДА-100» жаңбырлатып суаратын насос қондырғыны, училище оқушыларын басқарып, апарып құрастырған едім.

Малдарды бордақылау алаңындағы жұмыстарда механикаландырылды. Қоңырат елді мекенінен малдарды бордақылайтын жеке пункт құрылды. Берсиев атындағы кеңшарда 2000 бас қозы, 100 бас ірі қара, 50 бас жылқы бордақылайтын алаң іске қосылды. Бордақылаумен басқа шаруашылықтар да айналысты. Ауданда Сапар, Мұхтар ағайлар басқарған жылдары ауыл шаруашылығы мен қатар әлеуметтік салалар да өркендеді. Мұхтар ағай ауданның шаруашылық пен әлеуметтік сала тізгінін тең ұстады. Аудан орталығында байланысқа, банк үйлері, наубайхана, газ баллондарын сақтайтын қойма, жаңа жобалармен тұрғын үйлер салынды. Жаңадан құрылған «Жекенді», «Аманкелді» атындағы кеңшарлар жылма-жыл 20 тұрғын үйден салып, баспаменен

қамтамасыз етті.

Ойыл ауылына тұщы судың мол қоры бар Барқын құмынан ауыз су тартылып, ауыз су проблемасы шешілді. Ойыл өзеніне көпір салынды. Шұбарқұдықтан Ойыл ауылына дейін асфальт төселіп, жолдың бейнетінен құтылды. Жол мекемесі, аудан кеңшарлары орталықтары мен фермалары арасында өз күштерімен көтерме жолдар салып, пайдалануға берді. Кенжалы, Шилі, Қарабас, Келбатыр тағы басқа да кішігірім өзендердің салаларынан көпірлер мен ағынды суларды өткізетін үлкен диаметрлі құбырлар салынды. Қарауылтебе қыратына мұнара қойылып, телехабар берілді. Мұхтар ағай бірнеше жыл ағарту ісі саласында қызмет етіп, білім саласын жақсы білетіндіктен білім саласына тың өзгерістер енгізді, үнемі қамқорлық жасап, қолдап отырды.

Кеңестік педагогикалық ғылым Академиясының вице-президенті, академик Юрий Бабанский мен академик Марк Поташниктің өздері келіп, қолдап көрсеткен және ұсынысымен Ақтөбе қаласындағы №17 орта мектебінің директоры Әділхан Алғиевтің бастамасымен мақұлданған – «Оқу-тәрбие ісінде оңтайландыру идеясын ендірудің» Бүкілодақтық тірек орталығына айналған тәжірибесін Ақтөбе қаласындағы №17 орта мектебінің облыс бойынша алғашқы болып сексенінші жылдары Ойыл қазақ орта мектебі басшылыққа алып, оқу-тәрбие ісін оңтайландыру жөніндегі жаңа идеялардың көшбасшысы болды.

Тәжірибелі, білікті ұстаз А.Абдрахманов, тағы басқа бір топ мұғалімдер Москва қаласындағы №315 орта мектептің оқу-тәрбие ісін оңтайландыру тәжірибесімен жетанысып келіп, жоспарлар жасалынып оқу-тәрбие ісіне енгізілді. Бұл Қазақстандағы жаңа тұрпатты мектеп құрылымын жасаудың негізін салған өміршең іс болды. Мектептердің материалдық-техникалық базалары жақсарып, ауданның кеңшарлар орталықтарында типтік жобалармен екі қатарлы мектептер салынды, тек қана Қараой ауылына ғана салынған жоқ.

1974 жылы Саралжын орта мектебін ауданда құрылған жылжымалы механикаландырылған құрылыс мекемесі салып жатқан болатын, құрылысшылар жетіспеді. Мұхтар ағай аудандық комсомол комитетінде жұмыс жасап жүрген маған құрылысшы комсомол- жастар отрядын құрып, Саралжын орта мектебінің құрылысына апаруды тапсырды. Сол бойда комсомол жастар отрядын құрып, Тілеубаева Жұмажан, Бекназарова Нұрзия, Бисембина Гүлнәр тағы басқа комсомолдарды отряд құрамына қабылдап, олар жастық жалынмен еңбек етті. Жатақхана берілді, жоғары еңбекақы төленді, тамақ және арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілді, құрылысшы мамандығын тез меңгеріп алды. Өзім де бірнеше күн бірге жұмыс жасадым. Ауданда бірінші рет комсомол-жастардан құрылысшылар отряды құрылып, он саусағынан өнер тамған шебер құрылысшылар Байманова Ботакез, Саменова Рысты, Дүйімбаева Гүлжан, Мergenбаев Жаңбырбай тағы басқа комсомол жастар тәрбиеленіп шықты. Мұхтар ағай облыс басшыларымен келісіп Ақтөбе қаласындағы құрылысшы мамандарын даярлайтын №96 кәсіптік-техникалық училищесінің филиалын аштырды, комсомол-жастар филиалда оқып, білімдерін, шеберліктерін, кәсіптерін жетілдіріп, тиісті мамандықтарына сәйкес құжаттарын алды. Ақылы мен білімін жастарды тәрбиелеуге, олардың Отанға деген патриоттық сезімін оятуға, еңбекке бейімдеп бағыт беріп отыратын аға еді.

1975 жылы аудандық комсомол

комитетінен аудандық партия комитетінің нұсқаушылық қызметіне ауыстым. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып жүргенімде 1976 жылы мамыр айының соңында Мұхтар ағай №196 Ойыл кәсіптік-техникалық училищесі директорының орынбасары болып қызмет жасауға ұсыныс жасады. Ұсынысына келісімді беріп, училищеде жұмыс жасайтын болдым. 1976 жылдың 15 маусым күні облыстық кәсіптік – техникалық білім беру басқармасының бастығы Есболай Мусин, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Мұхтар Садықов, училище директоры Зейнолла Сағиев, ұжым мүшелері негізінен жұмыстағы кемшіліктерді жоюдың жолдарын, аудандағы кадрлар дайындайтын оқу орнының алдағы жасайтын жұмыстарының міндеттерін талқыға салды.

Мұхтар ағай аудандағы механизатор кадрларын даярлайтын училищенің жұмысына қамқорлық қолдау көрсетіп отыратынын аудандық комсомол комитетінде жұмыс жүрген кезімде білетінмін. Оқушылар қабылдау, комсомол-жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысымен ауылдарға іс-сапармен жіберетін. Өзімде училищедегі комсомол-жастардың бос уақытын мамұнды да қызықты өткізу шараларына, тәрбие жұмыстарына қатынасатынмын. Мұхтар ағай облыс басшыларына училищенің инженер-педагогтері мен өндірістік шеберлерін баспаменен қамтамасыз етуғ, оқу корпусы, оқушылар жатақхана-сының ескі, қазіргі талапқа сай еместігі туралы бірнеше рет ұсыныс жасап, ұсыныс негізінде облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы Есболай Мусин 1975 жылы училищенің инженер-педагогтері мен өндірістік оқу шеберлеріне республикалық бюджет есебінен екі қатарлы 22 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын бастап,1980 жылы құрылысы аяқталып, училищие қызметкерлері тұрғын үйімен толық қамтамасыз етілді. Осы жылы типтік жобамен екі қатарлы оқу корпусының құрылысы басталып, 1981 жылдың 19 ақпан күні пайдалануға берілді. Училищеге кеңшарлар жаңа автобус, басқа да техникалар өздерінің қаражатымен алып берді, инженер-педагогтер мен өндірістік оқу шеберлеріне жаңа тұрғын үйлер салуға демеушілік жасады.

Қолдау мен көмектесу нәтижесінде училище облыс бойынша селолық кәсіптік-техникалық училищелер арасында бірінші рет оқушылып қабылдау жоспарын орындап, үш жылдық бөлімге 150 оқушылар қабылданды. Мұхтар ағайдың табиғатында мәдениет пен өнерге жақын екендігі көрініп тұратын. Аудан қайтадан құрылған 60 жылдары Сейіткерей Қуатов, Сақи Жақыпбеков, Жаулыбай Қазтуғанов, Садуақас Жоламанов, Зейнолла Сағиев т.б өнерлі ағайлар мен алайлар мен бірге сахнада ән шырқап, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» т.б спектакльдерінде басты рольдерді ойнағаны егде адамдардың есінде.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына сайланғаннан кейін мәдениетке, өнерге үлкен бетбұрыс жасады. Ауданда мәдениет мекемелерінің ғимараттары жаңарды, типтік жобабмен аудандық мәдениет үйі, кинотеатр, кеңшарларда клубтар мен кітапханалар ғимараттары салынды. Көркемөнерпаздар үйірмелері тұрақты жұмыс істеді, облыстық көркемөнерпаздар байқауында аудан көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері жылда бірінші орын алып, таланттар қатары өсті. Бірінші халық театры ашылды. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жақсарды. Клубтардың музыка аспаптары, ұлттық киімдері әлсін-әлі жаңартылды, кітапханалар кітаптар қорлары мен толықтырылып отырылды.

Мұхтар ағай денсаулық саласына да үнемі назар аударып отырды, материалдық-техникалық базасы нығайды. Аудандық аурухана ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, жанынан қосымша қосалқы құрылыс салынды. Өкпе ауруларын емдейтін, «Саралжын», «Жетікөл», ауруханалары, барлық елді мекендерде медпункттер халыққа қалтқысыз қызмет етті. Жедел жәрдем автөкөліктері жиі жаңартылды. Бала өлімі азайды, халықтың табиғи өсімі көбейді.

Мұхтар ағайдың ауданның өз кәсіптерінің білгірлері, сауатты, іскер, алғыр, беделді кадрлері Күләш Нұрымғереева, Жарылқа-сын Таушанов, Даулетжан Доспанбетов, Жақсылық Бисалиев, Елубай Қалиев, Ерсайын Бижанов, Сағын Есенгарин, Тельман Төлебаев, Серікқали Келінберлин сияқты азаматтардың жоғары лауазымды қызметке тағайындалуына зор үлесі бар.

Ауданды басқарып жұмыс жасаған жылдары табиғаттың тосын құбылысынан проблемалар мен қиыншылықтар да болды.

Бірінші, 1973 жылдың 31мамырдан 1 маусымға ауысқан уақытта қатты салқын нөсер жаңбырдан жабағы жүні қырқылған аудан бойынша 22 мыңнан аса саулық шығын болып, 22 мыңнан аса қозы жетім қалды. Есімде қалған себебі осы жылдың 2 маусым күні «Саралжын» кеңшарының орталығы Кемер ауылында белсенді де еңбек озаттары Сайран мен Несібілдің комсомолдық үйлену тойын өткізуге барғанмын. Комсомолдық үйлену тойын өткіздік. Осы күні «Саралжын» совхозында 5 мыңнан астам саулық шығын болған, табиғаттың қапыда қалдырған шығынына, байланысты аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сапар Сағынтаев келді. Табиғаттың тосын құбылысына 22 мыңнан астам жетім қозыны бағуды ұтымды ұйымдастырды, аудан басшылары Сапар мен Мұхтар ағайлардың басқаруымен ауданда шығын орнын толтыру шаралары алынды.

Екінші 1975 жыл Батыс Қазақстанда бұрын болмаған құрғақшылық болды. Облыс басшылары мал азығын дайындауға Шығыс Қазақстан облысына баруға шешім қабылдаған. Ойыл ауданы басшылары ғана Шығыс Қазақстан облысына бармай, шөлді және шелейтті аймаққа жататын Ойыл өңірінде берік және жем-шөп базасын жасаудың оңай еместігін білет тұрса да аудан көлемінде дайындауға тәуекел етті. Қуаншылық ауыл шаруашылығын қыспаққа алып тұрса да, резервтер іздестіріліп, қиыншылықтан шығудың жолдарын тауып, қыстан абыройлы шықты, сол жылы төл көп алынды. Мұхтар ағай қыдырымпаздық, аңшылық, барлық аулау сияқты кәсіптермен айналыспайтын, тек қызметтің қызығына бой алдырған, мақсаты атқаратын қызметіне абыройлы болуды, тәртіп пен жауапкершілік тізгінін босаңсытпаған, ар тазалығын әрдайым биікте ұстаған болатын. Адамдарға деген серіктігі мен ықылас-ниеті, қарапайымдылығы мен ұстамдылығы нәтижесінде аудан халқының үлкен құрметіне ие болған, пендешілікке бой алдырмады, адамгершіліктің ақ жолынан таймады. Мұхтар ағаның нағыз кемел шағында жүрегі сыр беріп, әлде де есте қаларлықтай, қомақты үлес қосып, жұмыс жасайтын кезеңде ата-басасының артынан мәңгі қайтпас сапарға аттанғаны-орны толмас екініш. Әр адамның өміріндей есте қаларлықтай ерекше ұмытылмас сәттері болады, сол ұмытылмас сәттерін, елге істеген еңбектерін еске алдым. Мұхтар ағай балалары үшін ұмытпайтын, тозбайтын, таусылмайтын мұра қалдырып, әке деген атқа лайық болып кетті.

Ғазиз ЗАЙМOLДА,
Ойыл ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

«АЛҒЫС - РИЗАШЫЛЫҚТЫҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІ»

КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІМЕН ҚАТАР КЕЛГЕН 1 НАУРЫЗ «АЛҒЫС АЙТУ» КҮНІ БІЗДІҢ АУДАН ДА МӨДЕНИ КӨПШІЛІК ШАРАЛАРҒА АРҚАУ БОЛДЫ. КӨШЕ БОЙЫНДАҒЫ ӘР АДАМНЫҢ ЖҮЗІНЕН ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТІ БАЙҚАДЫҚ. БӘРІ ДЕ БІРІ-БІРІНЕ ШЕКСІЗ АЛҒЫСТАРЫН АЙТЫП, ҚОС-ҚОСТАН ШҮЙІРКЕЛЕСІП ЖАТТЫ.



“Шұғыла” мәдениет және демалыс орталығында өткен шарада аудандағы өнерпаздары көпшілікке әсем әуен мен жырдан шашу шашты. Айтулы шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан-

дағы ұлтаралық келісімді насихаттау мен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін бірқатар әр салада қызмет ететін қызметкерлерді аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады. “Шұғыла” мәдениет және де-

малыс орталығы жанынан құрылған достық клубы мерекелік құттықтауларын жолдаса, өзге ұлт өкілдері береке бірлікте ынтымағы жарасып өмір сүріп жатқан қазақ жұртына білдірген алғыстары бейнебаян арқылы көрсетілді.

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Аса мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің иесі Аллаға тән. Салауат пен сәлем елшілердің төресіне, оның әулеті мен сахабаларына болсын! Биыл да Жаратушының нәсіп етуімен, аман-есендікте қасиетті Рамазан айымен қауышқалы отырмыз. Келе жатқан мүбәрәк аймен баршаңызды құттықтай отырып, елімізге амандық, жерімізге тыныштық, отбасыларыңызға жаратқанның жақсылықтары дарысын деп тілеймін! Рамазан оразасы – Исламдағы бес парыздың бірі. «Бақара» сүресінің 183- аятында «Уа, Иман келтіргендер! Ораза бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді» - деп бұйырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өз хадисінде: «Ислам бес неізге құралған: Алладан басқа құдай жоқ екенін Мұхаммед Алланың құлы, әрі Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау және шамасы

жетсе қажылыққа бару» деген. (Бұхари) Рамазан сөзі «өте ыстық» деген мағынаны білдіреді. Ғұламалар мұны: «Рамазан айында ораза ұстаған пенденің бойына біткен кішігірім күнә-кемшіліктері күйіп кетеді» - деп түсіндіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ораза туралы «Кім Рамазан оразасын иман және сауап үмітімен ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі» - дейді.

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ПАЙДАЛАРЫ:
Рухты күшейтеді. Тағам тәнді азықтандырса, ораза рухты азықтандырады. **Хадис:** Әр нәрсенің бір зекеті бар, тәннің зекеті ораза. **Денсаулықты жақсартады.** Адам аш болу арқылы емделеді, қан айналымы жақсарады. Мақал: «Ауру астан, ақыл жастан». **Сабырлы болады.** Хадис: «Ораза - сабырдың жартысы». Қарны аш адамдарды сезінеді,

байлардың кедейлікке деген көзқарасы өзгереді. Юсуп пайғамбарға бірде: «Сен қалай аш жүрсің, қазынаның кілті қолыңда емес пе? - дегенде, ол «Қарным тоқ жүрсе, аштардың жағдайын ұмытып кетем бе деп қорқамын, - деп жауап берген. **Ораза адамды реттілікке тәрбиелейді.** Белгілі бір уақытта ауыз ашып, ауыз бекітеді, тарауық намазын күтеді. Сөйтіп уақыттың қадірін біледі. **Қасиетті Құранда:** Рамазан - адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын» делінген (**Бақара 185 аят**). Рамазан айы баршамызға береке бірлік берсін! Алла баршамызға күш қуат беріп, ораларымызды қабыл етсін! **Нұрлан МАЙЛЫБАЕВ,** Ойыл орталық мешітінің имамы.

Рамазан

Ораза кестесі

2024

Тижри 1445 жыл

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	06:04	07:28	13:26	17:21	19:15	20:40
2	Сейсенбі	12 Наурыз	06:02	07:26	13:26	17:22	19:17	20:41
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	06:00	07:24	13:26	17:24	19:18	20:43
4	Бейсенбі	14 Наурыз	05:57	07:22	13:25	17:25	19:20	20:45
5	Жұма	15 Наурыз	05:55	07:20	13:25	17:26	19:22	20:46
6	Сенбі	16 Наурыз	05:53	07:17	13:25	17:28	19:23	20:48
7	Жексенбі	17 Наурыз	05:50	07:15	13:25	17:29	19:25	20:50
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	05:48	07:13	13:24	17:30	19:27	20:52
9	Сейсенбі	19 Наурыз	05:46	07:11	13:24	17:32	19:28	20:53
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	05:43	07:09	13:24	17:33	19:30	20:55
11	Бейсенбі	21 Наурыз	05:41	07:06	13:23	17:34	19:31	20:57
12	Жұма	22 Наурыз	05:39	07:04	13:23	17:35	19:33	20:59
13	Сенбі	23 Наурыз	05:36	07:02	13:23	17:37	19:35	21:01
14	Жексенбі	24 Наурыз	05:34	07:00	13:23	17:38	19:36	21:03
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	05:31	06:58	13:22	17:39	19:38	21:04
16	Сейсенбі	26 Наурыз	05:29	06:55	13:22	17:40	19:39	21:06
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	05:26	06:53	13:22	17:42	19:41	21:08
18	Бейсенбі	28 Наурыз	05:24	06:51	13:21	17:43	19:43	21:10
19	Жұма	29 Наурыз	05:21	06:49	13:21	17:44	19:44	21:12
20	Сенбі	30 Наурыз	05:19	06:47	13:21	17:45	19:46	21:14
21	Жексенбі	31 Наурыз	05:16	06:44	13:20	17:46	19:47	21:16
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	05:14	06:42	13:20	17:48	19:49	21:18
23	Сейсенбі	2 Сәуір	05:11	06:40	13:20	17:49	19:51	21:20
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	05:09	06:38	13:20	17:50	19:52	21:21
25	Бейсенбі	4 Сәуір	05:06	06:36	13:19	17:51	19:54	21:23
26	Жұма	5 Сәуір	05:04	06:34	13:19	17:52	19:55	21:25
27	Сенбі	6 Сәуір	05:01	06:31	13:19	17:53	19:57	21:27
28	Жексенбі	7 Сәуір	04:59	06:29	13:18	17:54	19:58	21:29
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	04:56	06:27	13:18	17:55	20:00	21:31
30	Сейсенбі	9 Сәуір	04:53	06:25	13:18	17:57	20:02	21:34

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті **Қадір түні**.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына **640 теңге**.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Рамазан кестесін MUFTIYAT.KZ сайты мен MUFTIYAT APP қосымшасынан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7 +7(707)233 30 30

«КЕМЕЛ ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ»

Нағыз ұстаз болу - абырой, әрі бақыт. Қай қоғамда да ұстаз құрметті орындардың төрінен табылады. Әрбір еңбек адамы зейнет жасына жеткенде әріптестері зор құрметпен, ыстық ықыласпен салтанатты түрде зейнеткерлікке шығарып салса, ол адам үшін одан асқан қуаныш жоқ. Бұл құрметті ұзақ жылғы еңбек пен ізденістің жемісі деп бағалауға болады.Осындай құрметті мамандықтың иесі болып, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттердің жүрегінен орын алып, тәлімді тәрбие берген ардақты ұстаз, Ойыл қазақ орта мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі Бижанова Ақмарал Ерсайынқызын құрметпен зейнеткерлік демалысына шығарып салу шарасы өтті. Аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты іс-шарада ұстаздың өмір жолымен таныстырудан басталып, ән-жырмен, ақ тілек лебіздермен жалғасты. Ән қалықтап, жырмен өріліп, ағайындары, сыныптас-құрбылары, ізбасарлары қуанышын бөлісіп, мерейін асырды. Мерейтой иесінің құшағын гүлге толтырған кеште достары Ақмарал апайдың «өмір арихивін» ақтарып, естеліктерден сыр шертті. Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев Алғыс хатымен естелік сыйлығын табыстады. Жиын соңында ұстаз құрмет көрсеткен әріптестеріне шынайы ризашылығын білдірді.

Г.АБАЙҚЫЗЫ

АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, ҰЛАФАТТЫ ҰСТАЗ, ҚҰРМАНАЛИНА ЛАРИСА ДӘУІТҚЫЗЫН МЕРЕЙЛІ 60 ЖАСҚА ТОЛУҒЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Анашым 60 жасың құтты болсын! Ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарып келесіз, еңбегінің жемісін көріңіз. Ұл-қызыңыздың қызығын әкеміз екеуің бірге көріңіз. Сізге зор денсаулық тілейміз!

Игі тілекпен балдары:
Ерұлан – Айнур, Мәдет – Назира, Зарина, Мират.

АСЫЛ АНАЛАРЫМЫЗ!

ҚАРТТАРДЫҢ ТІЛЕГІ – ЕЛ АМАНДЫҒЫ, ЖҰРТ ТЫНЫШТЫҒЫ. УАЙЫМЫ-СЫРЛАС, СЫЛАС ҚАРТТАРЫНЫҢ СИРЕГЕНІ. ОЛАР БҮГІНГІСІН ҒАНА ОЙЛАМАЙДЫ, ӨТКЕН ӨМІР ЖОЛЫН ЗЕРДЕЛЕП, АЛДЫН БОЛЖАУҒА ТЫРЫСАДЫ. ҚАЙ ЖЕРДЕ ДЕ АТА-АНАҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ТИІСТІЛІГІНДІ ҰМЫТУ ӨСТЕ ЖАРАМАЙДЫ.



«Қайран біздің аналар арды ойлаған» деп Мұқағали ақын жырлағандай, соғыс жылдарында еңбек етіп, ер азаматтың қайратын қажет ететін «қара жұмыста» жүріп, азаматтарды жоқтатпаған қайсар аналарымыз туралы сөз айтып , олардың ерен еңбегін жас ұрпаққа жеткізуді жөн көрдім. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен тылда еңбек еткен бүгінгі әжелеріміз ауылда бар,

алды тоқсан төртке шығып отырған Ақас Өтешова, Жақсыбике Бопылова, Қайша Досниязова, Ағырыс Масжанова, Зибатша Жадігерова аналарымыз. Балалық шақтары соғыс жылдарында өткен, тылда еңбек еткен қайран аналар ері соғысқа аттанғанда дала мен балаға қарап, еңбектен бел жазбаған аналарды қалай ғана ұмытамыз. Алтын құрсақты аналарымызды жыл сайын ауыл әкімі Дәурен Қаржауұлы мейрам сайын құттықтап, жылы лебіздерін айтып қошеметтеп, көңіл күй сыйлайды. Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймыз. Отбастарыңа аманшылық, дендеріңе саулық тілейміз. **Қанипа ӨЛЖАНОВА,** Сапақкөл модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҚ «ҚҰРМЕТ»

ТАЛАП ПЕН ЖІГЕРДІ ТАЛАП ЕТЕТІН ПОШТА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАШАНДА ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОШЕМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ПОШТА САЛАСЫНА АРНАП, ӨЗІНЕН КЕЙІН КӨПТЕГЕН ЖАС МАМАН ТӨРБИЕЛЕГЕН ПОШТА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖАЙЛЫ КӨПШІЛІК БІЛЕ БЕРМЕЙДІ. БҮГІНГІ БІЗДІҢ ӨҢІМЕМІЗ ПОШТА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР СӘНЗИЯТ ЖЕКСЕНБАЕВА ТУРАЛЫ БОЛМАҚ.



Сәнзият Бақытжанқызы 1983 жылы Ақтөбе байланыс электро техникумын бітіріп, еңбек жолын тамыз айында Ойыл аудандық байланыс торабында техник маманы ретінде бастаған. Тоқсаныншы жылдардың тоқырау кезеңіне қарамастан, поштадағы жұмыс тоқтаған емес деп сол дәуірді еске алады біздің кейіпкер. «1983-1988 жылдары Ойыл аудандық байланыс торабының «Союзпечать» бөлімінің бастығы болып жұмыс жасадым. Ол кезде «Союзпечать» бөлімі деген халықты баспасөзге жазу, белгілі классиктердің кітап томдарын сату, түрлі тұтыну заттарын, мектеп, оқу құралдарын сататын үлкен бөлім болатын. Өз алдына зат сататын «Ки-

оск» дүңгіршегі болатын. Мен қабылдаған 1988 жылы баспасөзге халықтың жазылуы 32 мың дана болатын. 1993 жылы Ойыл аудандық байланыс торабы - біздер, пошта байланыс торабы, телеком өз алдына бөлек мекеме болып бөліндік. Ол жылдар тарихта «тоқырау» заманы деп есте қалды. Баспасөзге жазылу азайды, тіпті мүлдем болмады, тек халықтың зейнетақысы, жәрдем ақысын таратты. 2000 жылдардан кейін «Сбербанк» жабылып, Қазпошта мекемесі халыққа қаржылық қызметтер көрсете бастады,- деп алғаш еңбек жолы басталған сәтті еске алды. Сәнзият апай Қазпоштада талмай еңбек етіп келе жатқанына 40 жылдан астам уақыт өтіпті. Ол бүгінде жергілікті пошта байланыс торабының ООУ бастығы қызметін атқарады. Өзінің қызметіне асқан жауапкершілікпен қарайтын Сәнзият Жексенбаева былатыр «Құрмет» орденін иеленді. «Биыл осы пошта байланыс торабында жұмыс жасап келе жатқаным 41 жыл болады. Ұзақ жылдар өткен еңбегімді елеп, «Қазпошта» АҚ басқармасы мемлекеттік марапаты –«Құрмет» орденімен марапатталдым». Ардақты ана отбасында жұбайы екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгінде солардан тараған бес немеренің қызығын көріп отыр. «Әр жұмыстың өз қиындығы бар. Оқырманның қуанышын көргенде жұмысымның маңыздылығын түсінемін. Заман ағымына қарай жұмыс түрлері өзгерсе де қоғамда пошта қызметінің орны ерекше. Қазіргі күні поштаның жұмысы тек хат тасымалдау мен газет-журнал тарату емес. Бүгінгі таңда пошта саласы электронды қызметтердің бірқатарын орындайды. Пошташылар жаңа жүйеге бейімделіп жатыр. Бұрын телеграмманың қайдан келгенін, кім жібергенін, қандай мекен-жайға баратыны қолмен толтырылатын. Қазір бәрі автоматты режимге көшті. Ата-әжелер зейнетақыны банкоматтан алады. Бұрын бұл қызмет түрлерін пошташылар көрсететін. Десек те жұрт жаппай интернет әлеміне енгенімен, аға буын өкілдері әлі де баспасөзге тапсырыс береді. Технология қаншалықты дамығанымен, поштаның орнын ештеңе алмастыра алмайды, - дейді. **Гаухар АЛЕКСЕЕВА,** Ойыл селосы.